Елімізде заң ғылымының дамуын қамтамасыз ету мақсатында ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүйесі жасалды. Іргелі және қолданбалы заң ғылымын дамыту үшін тиісті ғылыми негіздерді жасау осы мекемелердің мақсаттары мен міндеттері болып табылады. Мемлекеттің заң шығару процесінің тиімділігін және мемлекет жүргізетін құқықтық саясатты ұйымдастыруды оңтайландыруды арттыру үшін мемлекеттік органдарға бағытталуға тиіс нақты негізделген ұсынымдарды әзірлеу және тұжырымдау заң ғылымының негізгі функциясы болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді ескере отырып, мемлекет жүргізетін қылмыстық саясаттың тиімділігін одан әрі арттыру мәселелерінің практикалық жағынан шешімі отандық және шетелдік құқықтық доктринасындағы қазіргі заманғы жағдайда іргелі және қолданбалы заң ғылымының жетістіктерімен тығыз логикалық өзара байланыста болғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар, ол қылмыстық құқық бұзушылықтарға ықпал ету шараларын ұйымдастырудың құқық қорғау және құқық қолдану практикасында белгілі болған беталыстарды ескере отырып байланыста болып отыр.

Заң ғылымына елеулі үлесін қосқан республикамыздың атақты ғалымдары өз ғылыми жұмыстарында жиынтығында отандық құқықтық доктринаны әзірлеу үшін іргелі ғылыми негіз болып табылатын тұжырымдамалық ережелер мен ұсынымдарды көрсетеді.

Заңды тұлғалардың жауаптылығы қылмыстық құқықтың өзекті әрі көп талқыланатын проблемалардың бірі болып табылады. Отандық қылмыстық заңнаманы одан әрі кең ауқымды жетілдіру мәселелеріне назар аудара отырып, профессор У.С. Джекебаев заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын белгілеудің туындаған қажеттігін дәлелдеу үшін мынадай дәлелдерді келтіреді: «... қылмыстық заңнаманы қолдану теориясында және практикасында адамның әрекеті, оның ішінде қылмыстық әрекеті де абстрактілі емес, объективті мен субъективтінің бірлігі ретінде, яғни оның жасалуының нақты мәнжайына байланысты қаралуға тиіс. Мұндай тәсіл қылмыс субъектісі белгілі бір жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлғалар болып табылған жағдайда, дұрыс болды және дұрыс болып қала береді.

Заңды тұлғалардың жауаптылығын белгілеу кезінде тек қылмыстық заңнаманы емес, сонымен бірге кінә және жауаптылық туралы тұжырымдамаларымыздың «түгендеуі» талап етілетін болады» [1].

У.С. Джекебаевтың заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын белгілеу туралы жан-жақты дәлелденген тұжырымдамалық идеялары мен ережелеріне ерекше назар аудару және оларды ҚР ҚК 15-бабын жаңа редакцияда қайта жазу арқылы қолданыстағы қылмыстық заңнамаға өзгерістер енгізу үшін қабылдау қажет.

Қылмыстық саясаттың мемлекеттің қолданыстағы қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдіруіне бағытталған нақты айқындалған шараларын құқықтың конституциялық және салалық қағидаттарын қатаң сақтау негізінде құру қажет.

Келтірілген ережемен өзара байланыс аясында профессор И.И: Роговтың әлеуметтік жаңғыртуды қамтамасыз ету мүддесінде республикада әділ конституциялық саясатты жүргізуге қатысты мынадай тұжырымдарын келтіру орынды болып табылады:

«Конституцияда жалпыға бірдей адами құндылықтар және негіз қалаушы халықаралық құжаттардың талаптары ескеріле отырып, адамның жеке басының аса жоғары құндылығы, адамдардың тең құқығы, біреуді кез келген жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салу, меншікке қол сұғылмаушылық, пікірлер плюрализмі, адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарынан ажыратылмауы, халықтың егемендігі сияқты іргелі негіздер көзделген» [2].

У.С. Джекебаев қылмыстық жауаптылық институтын қазіргі заманғы құқықтық доктрина шеңберінде қайта қараудың туындаған қажеттігі туралы қисындап мазмұндаған тұжырымдамалық ережені өзіне осы проблеманың қылмыстық-құқықтық, сол сияқты жекелеген құқықтық-процестік аспектілерді қамтитын кешенді тәсіл аясында қарау орынды болар еді.

Профессор М.Ш. Коғамов: «Қылмыстық кодекстің негізгі идеясы ретінде қылмыстық жауаптылықты кез келген түсіндіру және түсіну кезінде оны қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды анықтау арқылы белгілеу Қылмыстық-процестік

кодекстің проблемасы», - деп жазады.

Бұл Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерінің негізгі ержелерінің органикалық өзара байланысын білдіреді» [3].

Жоғарыда көрсетілген ережелерді ескере отырып, мемлекет жүргізетін қылмыстық саясаттың тиімділігін одан әрі арттыру мәселелерінің практикалық жағынан шешімі қазіргі заманғы жағдайдағы іргелі және қолданбалы заң ғылымының жетістіктерімен тығыз логикалық өзара байланыста болғанын атап өткен жөн.

Заң ғылымы әзірлейтін ұсынымдардың мемлекет жүргізетін практикалық құқықтық саясатқа қойылатын талаптармен өзара байланысын ашып көрсету айрықша назарды талап етеді. Заң ғылымының маңызын бағалаудың қазіргі заманғы тәсілдерін сипаттайтын мынадай ғылыми қорытындыларды беруге болады:

«Бүгінгі күні заң ғылымының кемінде үш түрін көрсетуге болады: біріншісі оны қолданатын билік пен тақта отырған Заңшығарушыны көреді. Оған өзінің ұсыныстары мен дәлеледерін жолдайды. Бұл құқық реформасы жөнінде ғылым. Келесі заң ғылымы құқықтық көмек керек адамға бағытталады. Ол белгісіздікті жоюға, қателікке тәуекелді азайтуға құқықтық құрылымдар қалыптастырады және қажетті мәртебе береді. Үшінші заң ғылымы дауларды заң тәртібімен әділ шешуді қамтамасыз етеді» [4] - ғылыми тұжырымдарды көрсету негізді болып табылады.

Заң ғылымының көрсетілген бірінші түрінің ерекшеліктеріне тоқталсақ, мұндай ғылымның объектісі мен нысанасын нақтылау орынды болып табылады. Мемлекеттің құқықтық реформаны жүзеге асыру жөніндегі қызметін құрайтын қоғамдық қатынастардың кешені заң ғылымының қаралатын түрінің объектісі болып табылады. Мемлекеттік органдар мен құзыретті лауазымды адамдарға бағытталатын әзірленетін нақты айқындалған ұсынымдар ғылымның нысанасын құрайды. Заң ғылымының қаралатын түрінің объектісі мен нысанасына негізделе отырып, қазіргі заманғы жағдайда құқықтық реформаны жүргізудегі және мемлекет жүргізетін құқықтық саясаттағы заң ғылымының рөліне айрықша назар аудару орынды болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекет жүргізген ауқымды құқықтық реформа еліміздің қолданыстағы құқықтық жүйесінің барлық салаларын қамтыған. Атап айтқанда, қылмыстық заңнама – 1997 жылы және 2014 жылы екі рет реформалауға ұшырады. 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қолданыстағы ұлттық қылмыстық заңнаманың көптеген институттары мен нормаларына елеулі өзгерістер енгізді.

Өз кезегінде, республиканың қылмыстық заңнамасына енгізілген құқықтық жаңашылдықтар қылмыстық саясаттың әдістемелік негіздерінің құрылуына қатысты қылмыстық құқық доктринасының жекелеген ережелерін қылмыстық заңның жаңа ережелеріне сәйкес қайта қараудың объективті қажеттігін өзектендіреді.

Қылмыстық саясаттың қазіргі заманғы доктринасын құрудың жаңа тәсілдерін іздеуді қылмыстық құқықтық сыртқы нысандарына да, сол сияқты оның дереккөздеріне де жаңашылдықтармен енгізілген белгілі бір өзгерістерді ескере отырып жүзеге асыру құқыққа сыйымды болып табылады, бұл ретте қылмыстық құқықтың сыртқы нысандары мен қайнар көзі деген ұғымдардың ұқсастығына қатысты ғылыми ұсынымдарды ескеру қажет. Қылмыстық құқықтың қайнар көзі құқықтық идеяның бастапқы туындауымен өзара байланыста болады, оны кейіннен заң шығарушы қылмыстық құқықтың белгілі бір нақты нормасына кезең-кезеңімен қалыптастыру процесі арқылы жасайды.

Заң әдебиетінде құқықтың нысаны мен қайнар көзі ұғымдарының сәйкестігі, ұқсастығы көрсетіледі. Профессор М.Н. Марченко пікірінше: «Құқық нысаны қайнар көзінің сәйкестігі құқықтың қайнар көзі екінші сипаттағылар және формальдызаңи болғанда орын алады. Осы арқылы құқық нысаны мен қайнар көзінің сәйкестігі анықталады, нысан заң (нормативтік) мазмұн қалай сырттай ұйымдастырылғанын көрсетсе, ал қайнар көз заң көздері, нысан мен мазмұнды қалыптастыратын факторларды қарастырады» [5] - деп көрсетті.

Республикамыздың қолданыстағы ұлттық қылмыстық құқығының нысандары мен қайнар көздерінің норма шығарушының бастапқы идеяларына сәйкес болуы проблемасын әзірлеу әдістемелік тұрғыдан белгілі бір ғылыми және практикалық қызығушылықты туғызады. Қылмыстық заңнаманы реформалаудың бастапқы құқықтық идеяларын мемлекет жүргізетін, жаңа қылмыстық заңнамада қылмыстық барлық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіпсіздігін және жазалаудың дәрежесі ескеріле отырып, оларды қылмыстар мен қылмыстық теріс қылықтарға саралау, жазалауды дараландырудың қағидаттарын сақтау және қылмыстық-құқықтық репрессия шараларын үнемдеу үшін жаңа құқықтық кепілдіктерді жасау арқылы іске асырылған қылмыстық саясатты одан әрі ізгілендіруге

ұмтылыспен байланыстырған дұрыс болар еді. Қылмыстық заңнаманы реформалаудың нәтижесінде жаңа өмірлік шындықтар ескеріле отырып, қылмыстық саясатты жүргізудің тиімділігін арттыру үшін берік құқықтық негіз жасалды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін жауаптылықты реттеу мәселелері бойынша тәуелсіз ғалым-сарапшылар ресейліктерге қарағанда заң шығарушымыздың тәсілдерін неғұрлым перспективті және орынды деп танитынын атап өткен жөн. Мәселен, Қазақстанның қылмыстық заңнамасында контрабанда үшін қылмыстық жауаптылықты реттеудің құқықтық тәсілдеріне жүргізілген салыстырмалы зерттеудің нәтижелері бойынша Ресей Федерациясының ғалымдары былай тұжырымдайды: «заңшығарушы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің жүйесінде контрабандалық қылмыстар үшін жауаптылықты реттейтін нормаларды дұрыс қалдырған. Сонымен бірге, заңшығарушы 2015 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген жаңа ҚК қабылдайды, онда ол үшін қылмыстық жауаптылықты реттеуге жаңадан тұрғы қолданылған. Бұрынғы ҚР ҚК қарағанда баптар елеулі түзетілген. Жаңа Қазақстан Республикасының ҚК-сі РФ ҚК қарағанда контрабандалық қылмыстар бір жүйе ретінде құрамдары мұқият сипатталған. ҚР ҚК 234, 236, 286, 290, 303, 311, 312, 326, 339 баптарында қылмыстық жауаптылық саралауға тұрғы да өзгертілді» [6].

Республикамыздың қазіргі заманғы қылмыстық саясатының доктринасын қалыптастырудың әзірленетін жаңа тәсілдерінің кешенінде қоғамдық қатынастарды қылмыстық заңнаманың нормаларымен құру мен реттеудегі әділдік қағидатын сақтаудың дұрыс жолдарын іздеу белгілі бір перспективаны құрайды. Ғалым В.Д. Филимонов осыған осындай пікір білдіреді: «Әділеттілік – өнегелілік сананың жеке бір бейнесі. Сондықтан, өнегелілік құбылыс ретінде әділеттіліктің критериі қоғамдық санада қылаптасқан субъектілер арасындағы қоғамдық қатынастардың өзара әрекеттістік пен өзара байланыстың құбылысы болып келетін жеке және қоғамдық мүддеге сәйкестігі және ол қоғамның кезеңмен дамуына әсерін тигізеді. Осы тұрғыдан біз әділеттілік анықтамасына келуіміз керек, оны қалыптасқан немесе қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастар сапалық сипаттамасынан ашуымыз керек. Әділетті осы талаптарға сай жеке және қоғамдық мүддеге сәйкестігін қамтитын қоғамның кезеңмен дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар танылуы тиіс» [7].

Қылмыстық құқықта әділдік қағидатын іске асыру мақсатында мемлекеттің қылмыстық саясатты жүргізуі қоғамның жұмыс істеуі белгілі бір учаскелерінде қоғамдық қатынастарды қылмыстық құқықтың нормаларымен нақты айқындалған реттеуге бағытталуға тиіс. Жеке және қоғамдық мүдделердің бірлігін іске асыру және осымен қоғамда әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның прогресс жолындағы дамуы үшін жағдай жасау мұндай реттеудің нәтижесі болуға тиіс.

Республикамызда жеке және қоғамдық мүдделердің бірлігін іске асыру үшін нақты негіздерді жасауға мемлекет пен қоғамның прогресс жолындағы дамуы үшін жағдай жасау үшін қол жеткізуге елеулі кедергілерді деңгейі төмендемейтін пайдакүнемдік және экономикалық құқық бұзушылықтар жасайды. Сонымен қатар, біздің қылмыстық заңнамамыздың жекелеген ережелері экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алмай және жолын кеспей, керісінше оларды жасауға қолайлы жағдай жасайды.

Профессор В.В. Лунеев Ресейдегі пайдакүнемдік және экономикалық қылмыстылықтың жоғары әлеуметтік қаупін сипаттай отырып, мынадай тұжырым шығарады:

«Ресейдегі экономикалық қылмыстылық кез келген қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және статистикалық тұрғылардан, негізінде мемлекет пен халыққа қауіп төндіріп отырған пайдакүнемдік қылмыстылықтың кең ауқымды, шексіз ядросы болып табылады. Егер экономикалық қылмыстылықтың төрттен бір бөлігін тіркеу мүмкін болса, онда ол ең көп таралған, тіркелген әрекеттерден 50% асатын - ұрлықтан асып түсер еді. Алайда, ол елдегі экономикалық, материалдық мәселелерді шешуге көмектесер еді.

Жеке меншікке қарсы қылмыстар ерекше қауіптілігі мен кең таралғандығына қарамастан көлеңкелі экономикалық қылмыстылықтың тек көбігі ғана болып табылады. Әлемде танылғандай «бизнес түріндегі қылмыстылық» дәстүрлі түрде танылған қылмыстылық түрлеріне қарағанда қоғамға, ұлттық және трансұлттық экономикаға үлкен маңызды қауіптілік туғызады. Бірақ, экономикалық кәсіпкерлік қылмыстылықтың қауіпті түрлері туралы жинақталған ресми статистика жоқ. Ресми статистикада кәсіпкерлер қылмыс субъектісі ретінде мүлде жоқ және олармен істелген бизнес-қылмыстарда көрсетілмеген» [8].

Ресейдің экономикалық және пайдакүнемдік қылмыстылығын си-

паттайтын ерекшеліктердің жекелеген аспектілерінің көрсетілген сипаттамасын белгілі бір ескертулермен біздің қазақстандық шындығының алаңына да таратуға болады. Қылмыстық жаза қолданылатын экономикалық іс-әрекеттерді жасайтын қылмыскерлердің кінәсінен жыл сайын мемлекеттік қазынаға көп миллиардтық қаражат түспейді. Қылмыстылықтың құрылымында жыл сайын жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың 50%-ын қоғамға қауіпті пайдакүнемдік іс-әрекеттер құрайды. Тиісінше, профессор В.В. Лунеевтің тұжырымдары қылмыстық саясатымыздың теориясы мен практикасының дамуы үшін өзекті әрі маңызды болып табылады.

Жоғарыдағы жұмыста көрсетілгендей, экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтармен қарсы күресті регламенттеуге бағытталған қылмыстық құқықтың жекелеген нормалары мен институттары бұрыннан қате болып құрылған және осы себеппен жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын ала алмаған және оларды жолын кесе алмаған. Сөз заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік қызмет (ҚК 214-бабы); жалған кәсіпкерлік (ҚК 215-бабы); іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау (ҚК 216-бабы) сияқты экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес туралы болып отыр.

ҚР ҚК 3-бабының 38-тармағындағы «сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс, азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада келтірілген залал» деген ҚК 214-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық негіздерінің көрсетілуі қаралатын қылмыстық-құқықтық нормаларда қамтылатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің әділдік қағидатын бұзатын, осы нормалар құрылымының бастапқы қателігін құрайды. ҚК 215 және 216-баптары бойынша жауаптылықтың негізі «азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада келтірілген залал» деп белгіленді. Яғни адамды, мысалы ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірумен ұштасқан жалған кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын мөлшеріндегі келтірілген залал сомасын растайтын тікелей дәлелдемелердің болуы қажет. «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына сәйкес 2016 жылға бір айлық есептік көрсеткіш 1982 теңгені құрайды. Тиісінше, бір айлық есептік көрсеткіш 1982 теңгені құрайтынын есепке ала отырып, адамды ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірумен ұштасқан жалған кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін 39 640 000 теңге мөлшерінде келтірілген залал дәлелденуге тиіс. Қылмыстық заң іс жүзінде алаяқтар-кәсіпкерлерге ұйымға немесе мемлекетке заңда белгіленген ірі мөлшерге дейін залалды келтіре отырып, жалған кәсіпкерлікпен айналысуға жол береді. Заңда әділдік қағидаты бұзыла отырып, азаматтардың, ұйымдар мен мемлекеттің мүдделері елемей және кемсіту арқылы жекелеген кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты басымдықтар белгілеуге жол берілді.

Заң шығарушы экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдары үшін белгілеген қылмыстық жауаптылықтың негіздеріне жоғарыда жүргізілген талдау нәтижелері бойынша заң шығарушының экономикалық кәсіпкерлікті асыра пайдалануды және алаяқтықты жасауға белгілі бір ресми «жол беру квоталарды» құқықтық құру арқылы жосықсыз кәсіпкерлікке ресми жол беруді қалыптастырылуы туралы пікір шығаруға болады.

Экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты реттейтін нормалардың жоғарыда көрсетілген құрылымдары республикамыздың Конституциясында және Қылмыстық кодексінде бекітілген қылмыстық құқықтың іргелі идеяларына, қайнар көздеріне және қағидаттарына қайшы келеді. Мәселен, ҚР ҚК 1-бабының 2-бөлігіне сәйкес «Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді». Өз кезегінде, Конституцияда көзделген қағидатты ережелер мен нұсқаулардың негізінде ҚР ҚК 2-бабында мынадай ҚК-нің: «адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, ... қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, ... сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу» деген міндеттері қалыптастырылған.

Қылмыстық заңда кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері саласында асыра пайдалануды және алаяқтықты жасауға ресми түрде жол беруді белгілей отырып, заң шығарушы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін сақтау қағидатының бұзылуына жол береді. Жеке-

леген қылмысты жасау ниеті бар адамдар үшін адам және азаматтың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, меншікке, ұйымдардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне қолсұғушылыққа жағдай жасайды.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық есебінің мәліметтеріне сәйкес 2014 жылы ҚР ҚК 192-бабы бойынша жалған кәсіпкерлік үшін қозғалған 311 қылмыстық іс тіркелді, олардың ішінен 87 іс өндіріспен аяқталды, 74 іс сотқа жіберілді, 13 іс ақтамайтын негіздер бойынша тоқтатылды, 45 іс есептен шығарумен тоқтатылды, 45 іс қылмыс құрамының және оқиғасының болмауына байланысты тоқтатылды, 201 қылмыстық іс бойынша іс жүргізу айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауына байланысты тоқтатыла тұрды; 6 қылмыстық іс айыпталушының тергеуден немесе соттан жасырынғандығына не оның болатын жері анықталмағандығына байланысты тоқтатыла тұрды. 2015 жылы ҚК 215-бабы бойынша жалған кәсіпкерлік үшін қозғалған 2626 қылмыстық іс тіркелді, олардың ішінен есепті жылда 305 іс өндіріспен аяқталды, 280 іс сотқа жіберілді, 159 іс кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасау негіздері бойынша тоқтатылды, 369 іс ҚР ҚПК 35 және 36-баптарының негіздері бойынша, яғни іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар және қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар бойынша тоқтатылды; қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам анықталмағандықтан 1291 қылмыстық іс тоқтатыла тұрды; 21 қылмыстық іс айыпталушының қылмыстық қудалау органдарынан жасырынғандығына не оның болатын жері анықталмағандығына байланысты тоқтатыла тұрды.

ҚР ҚК 214-216-баптарында көзделген экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының қылмыстық-құқықтық табиғаты осы іс-әрекеттер субъектілерінің заңсыз мақсаттарға жету үшін асыра пайдалануды және алаяқтықты пайдалану негізінде жосықсыз кәсіпкерлікті жасау ниетімен байланысты болады. Тиісінше, экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қаралатын құрамдарының құрылымын осы іс-әрекеттердің қылмыстық-құқықтық табиғатының өзгешелігі мен ерекшелігін ескере отырып, қайта қарау және қайта құрастыру құқыққа сыйымды болып табылады.

ҚР ҚК 214-216-баптарын қайта қарау және қайта құрастыру перспективаларын Ресей Федерациясының, кәсіпкерлерді асыра пайдалану және алаяқтық үшін жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша тәжірибесі негізінде ескере отырып, жасау орынды болып табылады.

2012 жылғы 29 қарашадағы РФ Федералдық заңымен РФ ҚК-не кезекті өзгерістер енгізілді, оның ішінде РФ ҚК-нің 21-тарауы 1591-1596-баптармен толықтырылды.

«РФ ҚК жаңа баптарды енгізу жолымен заңшығарушы жеке қылмыстар түрінде алаяқтықтың жеке түрлерін қылмыстандыру жолымен кетті. Қылмыстандырудың негізі алаяқтық әрекеттердің экономиканың және қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында орын алуы табылады, оларға: несиелеу, әлеуметтік сала, кәсіпкерлік сала, сақтандыру саласы, қоғамдық өмір саласы, компьютерлік ақпарат және оны сақтау құралдары саласы, компьютерлік ақпаратты немесе ақпararттық-телекоммуникациялық желілерді өңдеу және беру жатады» [9].

Ресей Федерациясының экономикалық алаяқтық үшін қылмыстық жауаптылықты реттеу мәселелері жөніндегі құқық шығару тәжірибесін ескере отырып, біздің қылмыстық заңнамамызға ҚК 214-216-баптары бойынша жауаптылықты реттейтін нормаларды құрастырудың құқықтық тәсілдеріне байланысты бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізу перспективасы болушы еді.

ҚР ҚК 214-216-баптарының бірінші бөліктері бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың жай (негізгі) құрамдары үшін жауаптылықты көздейтін диспозициялар шеңберінде заңсыз кәсіпкерліктің, заңсыз банктік қызметтің, жалған кәсіпкерліктің, іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасаудың кез келген нысандары үшін жауаптылықтың негіздерін құру орынды болып табылады. Қаралатын нормалардың санкцияларын айыппұлды, түзеу жұмыстарын, қоғамдық жұмыстарға тартуды және қамаққа алуды қолдану мүмкіндігін көздейтін қылмыстық теріс қылықтарға жататын жаза шараларының белгілері бойынша құруды орынды болып табылады. ҚК 214-216-баптарының екінші бөліктері бойынша осы баптардың бірінші бөліктерінің қолданыстағы редакцияларын екінші бөліктерге ауыстыру арқылы қылмыстардың сараланған құрамдары ретінде анағұрлым қатаң жауаптылықты белгілеу қажет. Онда, ҚК 214-бабының екінші бөлігі 3-бөлігі болып ауыстырылуға тиіс. Сонымен қатар, ҚК 215 және 215-баптарының 2 және

3-бөліктері, тиісінше 3 және 4-бөліктері болып ауыстырылуға тиіс. Экономикалық қылмыстардың қаралатын сараланған және ерекше сараланған құрамдарының жаңа ұсынылатын құрылымдарының санкцияларын сол бір шектерде қалдыру қажет.

Мемлекет жүргізетін қылмыстық саясаттың кешенінде құқық шығару процесімен қатар, мемлекет саясатын құқық нормаларында бекітілген жүзеге асырудың нысаны ретінде сипатталатын, мемлекеттің құқық қолдану қызметі маңызды орынға ие. «Құқық қолдану құқық шығармашылықпен қатар, қылмыстық саясаттың бөлек бағытын құрайды, оның өзіндік ішкі даму қайнар көздері, заңдылықтары мен ерекшеліктері бар» [10].

Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың нормаларында қамтылған идеялардың өмірлік шындығында іске асырылуына байланысты құқық қолдану практикасы, ең алдымен, қылмыстық құқықтың нормаларының нақты мәтіндерінде көрсетілген тыйым салулар мен ұйғарымдардың нақты түсінуі мен түсіндіруіне қойылатын талаптарға сәйкестігі ескеріле отырып жасалуға тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерімен қарсы күресті ұйымдастырудың құқық қолдану практикасымен танысудың нәтижелері қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің жекелеген түрлерін дұрыс саралау мәселелерін шешуде белгілі бір қиындықтар кездесетінін көрсетеді.

Көліктік қылмыстық құқық бұзушылықтар – саралау және кінәні жауаптылыққа тарту мәселелерін шешу кезінде қиындықтарды туындататын қылмыстық құқық бұзушылықтар түрлерінің бірі болып табылады.

Мәлім болғандай, республикада қайғылы, ал кейбір кезде трагедиялық салдармен ұштасқан жол-көлік оқиғалардың саны азаймайды. Жол жүрісі қағидаларын бұзушылардың іс-әрекеттері абайсыздық белгілері бойынша сараланады, өйткені баптың диспозициясында абайсыздыққа тікелей көрсетілген. Алайда, іс жүзінде жол-көлік оқиғаның мән-жайлары егжей-тегжейлі зерттелгенде кейбір кездерде жанама пиғылдың белгілері анықталады, бұл туралы заң әдебиетінде көрсетіледі.

Бұл туралы Е. Стешич мынадай пікірді білдіреді: «ЖЖЕ қасақана жүргізушімен бұзу кезінде тікелей қасақаналықты адам өліміне әкелгенде немесе көлік құралын қолданып денсаулыққа зиян келтіруді анықтау мүмкін болмаса, барлық жағдайда қоғамға қауіпті зардаптарға абайсыздықты көздейтін абайсыздық болып бағаланбайды. Осындай зардаптарға жанама қасақаналық болу үшін келесі жағдайлар дәлел:

1) ЖКО дейін қалыптасқан жағдайға үстемдік жасау; Үстемдік ретінде осы жағдайда біз көлік құралын қауіпсіз басқарудың және пайдаланудың объективтік мүмкіндігін түсінеміз;

2) осы жағдайды қасақана шиеленістіру және адам өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдай туғызу. Жағдайды шиеленістіру деп көлік құралын басқару процесінде жүргізушінің ЖЖЕ бұзуға әкелген, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кінәлі іс-қимылы;

3) басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру нақты мүмкін болатын жүргізушінің психо-физиологиялық (мастық немесе есірткі мастығы);

4) заңды құрметтемеу және басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына немқұрайлы көзқарасты дәлелдейтін жүргізушінің құқықтық жағдайы (көлік жүргізуші куәлігінің болмауы немесе айырылғандығы, адам өмірі мен денсаулығына немесе жол жүру қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды қайталап жасау)» [11].

Қылмыстық құқық теориясында және құқық қолдану практикасында абайсызда және жанама пиғылмен жасалған кінәнің аражігін дұрыс ажырату проблемасы көп талас тудыратын әрі күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Қылмыстық саясатты жүргізу кезінде көліктік қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша дұрыс құқық қолдану мәселелерін шешу жол-көлік оқиғаның барлық мән-жайларды егжей-тегжейлі әрі мұқият зерттеудің нәтижелері бойынша қабылдауы тиіс және жанама пиғылдың белгілері анықталған жағдайда кінәнің іс-әрекеттері осы жұмыста көрсетілген ғылыми тұжырымдар мен ұсынымдардың негізінде қасақана қылмыс ретінде саралануға тиіс.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. Джекебаев У.С. Юридическое лицо как субъект преступления. – Заңгер, 2011, № 4 – 49 б.

2. Рогов И.И. Социальная модернизация как приоритетное направление конституционной политики Казахстана. – Заңгер, 2012, № 9. – 9 б.

3. Қоғамов М.Ш. Установление основания уголовной ответственности: вопросы пра-

воприменения в уголовном процессе. Қазақ білім академиясының баяндамалары. Юриспруденция. 2010, № 2. – 131 б.
4. Пермяков Ю.Е. Стандарты научности в юридической теории. – М.: Право и политика. 2011, № 3. – 476-б.
5. Марченко М.Н. Источники права. М., 2006. – 57-б.
6. Прохорова М.Л., Скачко А.В. Контрабанда в законодательстве Республики Казахстан: новые подходы к регламентации уголовной ответственности в условиях членства в Таможенном Союзе. – Международное уголовное право и международная юстиция. М., 2016, № 2. – 30-б.
7. Филимонов В.Д. Справедливость как принцип права. – Государство и право. М., 2009, № 9. – 6-б.
8. Лунеев В.В. Проблемы противодействия экономической преступности. – М., Государство и право, 2014. № 2. – 32-б.
9. Александр Шеслер. Мошенничество: проблемы реализации законодательных новелл. – Уголовное право. М., 2013, № 2. – 67-б.
10. Кленова Т.В. Квалификация преступлений и уголовная политика. – Государство и право. М., 2012, № 4. – 56-б.
11. Елена Стешич. Авария с тяжкими последствиями: неосторожное преступление или убийство? – Уголовное право.М.,2014, № 2. – 77-б.

## REFERENCES

1. Djekebaev U.S. Iuridicheskoe lico kak subekt prestuplenia. – Zanger, 2011, №4 – 49b.
2. Rogov I.I. Socialnaia modernizacia kak prioritetnoye napravlenie konstitucionnoi politiki Kazakhstana. - Zanger, 2012, №9 – 9b.
3. Kogamov M.Sh. Ustanovlenie osnovania ugolovnoi otvetsnvennosti: voprosi pravoprimenenia v ugolovnom processe. Kazak bilim akademiasinin baiandamalari. Iurisprudencia. 2010, №2. – 131 b.
4. Permjakov Ju.E. Standarty nauchnosti v juridicheskoj teorii. – M.: Pravo i politika. 2011, № 3. – 476-b.
5. Marchenko M.N. Istochniki prava. M., 2006. – 57-b.
6. Prohorova M.L., A.V. Skachko Kontrabanda v zakonodatel'stve Respubliki Kazahstan: novye podhody k reglamentacii ugolovnoj otvetstvennosti v uslovijah chlenstva v Tamozhennom Sojuze. – Mezhdunarodnoe ugolovnoe pravo i mezhdunarodnaja justicija. M., 2016, № 2. – 30-b.
7. Filimonov V.D. Spravedlivost' kak princip prava. – Gosudarstvo i pravo. M., 2009, № 9. – 6-b.
8. Luneev V.V. Problemy protivodejstvija jekonomicheskoj prestupnosti. – M., Gosudarstvo i pravo, 2014. № 2. – 32-b.
9. Aleksandr Shesler. Moshennichestvo: problemy realizacii zakonodatel'nyh novell. – Ugolovnoe pravo. M., 2013, № 2. – 67-b.
10. Klenova T.V. Kvalifikacija prestuplenij i ugolovnaja politika. – Gosudarstvo i pravo. M., 2012, № 4. – 56-b.
11. Elena Steshich Avarija s tjazhkimi posledstvijami: neostorozhnoe prestuplenie ili ubijstvo? – Ugolovnoe pravo. - M., 2014, № 2. – 77-b.

УДК 343.21

# 25-ЛЕТНИЙ ПУТЬ УГОЛОВНОГО ЗАКОНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ОТ ПРОВОЗГЛАШЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ ДО СОВРЕМЕННОСТИ

**Сартаева Наталья Абаевна**
*Доктор юридических наук, доцент, г. Астана, Республика Казахстан;*
*e-mail: Sartay69@mail.ru*

***Ключевые слова:*** *уголовный кодекс; уголовный закон; уголовно-правовое воздействие; эффективность уголовно-правовых норм.*

***Аннотация.*** *В статье рассматриваются Уголовные кодексы Казахской ССР 1959 года*